

**Тельман Ұ.Д.**, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИО-41к-20 тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – философия докторы (PhD) Смағұлов Н.Б.)

## **МЫРЗА ҰЛЫҚБЕК ПЕН АҚ ОРДА ХАНЫ БАРАҚТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР**

XV ғасырдың басында бұрынғы Жошы ұлысы мен Әмір Темір ұрпақтары билеген Мәуереннахр мен Хорасан өлкелері буырқанған саяси қоғамдық-саяси өмір мен алма-кезек саяси бәсекелестікке толы тұрақтылығы шайқалған аймақ болып қалды. Осы кезде болып жатқан оқиғалардың салдары Мырза Ұлықбек пен Жошы ұлысындағы ірі мемлекет қайраткері Барақ ханды тарих сахнасына алып шықты. Жошы ұлысын біртұтас мемлекетке біріктірем деген саяси мақсаты бар Барақ хан сол кездегі болып жатқан ірі оқиғаларды өз пайдасына жаратуға тырысты. Ол Әмір Темір ұрпақтары мен Дешті-Қыпшақтың көшпелі тайпаларының алдында зор беделі мен салмағы бар Едіге бидің балалары мен немерелеріне арқа сүйеді. Алдымен Әмір Темірдің немересі Мырза Ұлықбектің қолдауына ие болды.

Мырза Ұлықбек Әмір Темірдің немересі, Шахрухтың үлкен ұлы 1394 жылы 22-наурызда Сұлтанияда, Әмір Темірдің Иран мен Азияның алдыңғы аймақтарына жасаған екінші ірі жорығының кезінде дүниеге келді [1, 37 б.]. Ұлықбектің анасы – Гаухар-Шад-Ага – асыл тұқымды Шағатай отбасынан шыққан: ол Ғиасуддин тарханның қызы болды [2, 27 б.]. Жаңа туған нәрестеге Мұхаммед-Тарағай есімі берілді, бірақ Әмір Темірдің көзі тірісінде бұл есім Ұлықбек, шын мәнінде «ұлы бек» деген лақап атпен толығымен ауыстырылды [1, 37-38 б.].

Әмір Темір 1405 жылдың қаңтар айында Мәуереннахрдан, Түркістаннан, Хорезмнен, Балхтан, Бадахшаннан, Хорасаннан, Сейстаннан, Мазендераннан, Кумадан, Әзірбайжаннан және Ирактан жиналған 200 мың әскерімен Қытайға аттанды [3, 339 б.]. 1405 жылы 18-ақпанда Қытайдағы жорығы басталған кезде Әмір Темір Отырар қаласында қайтыс болады. Оның мемлекеті үшін көптеген ұлдары мен немерелері арасындағы тұрақты соғыстардан тұратын дүрбелең уақыты келді. Ұлықбек, әлбетте, бұл болған күреске қатысып қана қоймай, сонымен қатар өзін әскери қолбасшы және саясаткер ретінде көрсетуге міндетті болды [4, 15 б.]. Төрт жыл бойы Шахрух пен Шах-Мәлік (Ұлықбектің атынан) Халил-Сұлтанмен күресті. Барлық жорықтар мен шайқастарға қатысқан әскер қатарында ер жетіп келе жатқан Ұлықбек те болды [5, 23 б.]. Ақырында, 1409 жылы Ұлықбек он бес жаста болғанда, Шахрух қарсыластарын жеңіп, Әмір Темірдің мұрасын иемденіп, Гератта орнын тапты, ал Самарқант билеушісі ретінде өзінің үлкен ұлы Ұлықбекті жариялады [1, 64-65 б.]. Нәтижесінде Шахрух екі тәуелсіз мемлекет құрды: Хорасан, орталығы Гератта, оны Шахрухтың өзі басқарды және Мәуереннахр, орталығы Самарқантта, оны Шахрухтың ұлы Ұлықбек басқарды [2, 30 б.]. 1409 жылдан бастап Самарқанттағы орталығымен Мәуереннахрдың билеушісі болған Ұлықбек Гератта билік еткен әкесі Шахрухқа тәуелді болып қала берді. Темір империясының басшысы ретінде Шахрух барлық күш-жігерін оны ыдыраудан сақтауға бағыттады. Бір жағынан, мемлекет аумағын көршілердің, ең алдымен солтүстіктегі Ақ Орданың шабуылдарынан қорғауға, екінші жағынан, туыстарының жоғарғы билікке деген ұмтылыстарына жол бермеуге тура келіп отырды [4, 16 б.]. Ұлықбек Мәуереннахрдың және оған жақын аудандардың (солтүстік-батыстан – Сығанаққа, солтүстік-шығыстан – Аспараға дейін) толыққанды билеушісі болды [2, 31 б.].

Сыртқы саясатта Мырза Ұлықбек батыл шешімдер қабылдау арқылы көптеген жетістіктерге жетті. Атасынан өзгешелігі ол жаулаушылық соғыстарға мән бермей, көршілес мемлекеттердің тізгініне қуыршақ, яғни өзіне бағынған адамдарды қоюға бейім болды.

1419 жылдың мамыр айында Ұлықбекке Әмір Темірмен соғысқан Ұрұс-ханның немересі Ақ Орда ханзадасы Барақ хан көмек сұрап келді. 1404-1410 жылдары Ақ Орданы Ұрұс ханның баласы сонау 1395 жылы Әмір Темір Ақ Ордада таққа отырғызған Қойыршақ оғлан биледі. Дегенмен маңғыт әмірі Едіге оны қуып шығып, таққа Шыңғыс әулетінен шыққан өз адамдарын отырғызды.

1416 жылы Тоқтамыс ханның ержүрек ұлы Жаппарберді Ақ Ордада Шыңғыс оғланды тақтан тайдырды. Бірақ 1418-1419 жылдары-ақ Ұрұс ханның немересі, Қойыршақ ханның баласы Барақ хан мен Алтын Орда билеушісі Темір-Құтлығ ханның немересі Ұлық-Мұхаммедтің арасында өкімет билігі жолындағы айқас лаулап кетті. Алғашында Ұлық-Мұхаммед жеңіске жетіп, Барақ хан Сырдарияға қашты [6, 138-139 б.].

Мырза Ұлықбек атасы Әмір Темірдей Жошы ұлысындағы саяси шиеленіске толы оқиғаларды қалт жібермей бақылып отырды. Барақ ханды сый-құрметпен қарсы алады. Ол Барақ ханға айтарлықтай көмек көрсетіп, отанына жіберді және жауларына қарсы күресте әскери көмек қолын созады. Барақ хан Мәуереннахрдың негізгі күштерінің қатысуынсыз оған берілген қосалқы жасақтардың көмегімен өзінің алға қойған мақсатына жетеді деп болжам жасалды. Бұл сенім толығымен ақталды. 1423 жылы Хорезм арқылы Шахрух отырған Бадгиске өзбек ханы Мұхаммедтің ордасын басып алып, өзбек ұлысының көп бөлігінің басшысы жарияланған Барақ ханның жетістіктері туралы хабар келді [7, 195-196 б.]. Барақ ханның

түпкілікті жеңісі және оның «әкелер мен аталар тағына» отырғандығы туралы хабар Ұлықбекке 1425 жылдың басында жетті.

Барақ ханды өзінің бағынушысы деп есептей отырып, Ұлықбек Ақ Орданың тарапынан Мәуереннахрдың қауіпсіздігі толыққанды қамтамасыз етілгеніне сенімді болды және осыған байланысты өзінің назарын басқа бағытқа, дәлірек айтсақ моғолдарға қарсы бағыттады. 1424 жылдың қысында Мырза Ұлықбекке Барақ ханнан елшілер сыйлықтармен және оның ата-бабаларының тағына отырғандығы туралы хабар келді. Жауап ретінде Ұлықбек елшілерді сыйлықтармен және өзінің елшілерімен бірге қосып жіберді [1, 76-79 б.].

Алайда, Барақ хан айтқандарын екі етпейтін, даладағы өз үкімдерін адал орындаушы болады деген Темір әулетінің үміттері ақталмады. Барақ хан дербестікке ұмтылып, Ақ Орда жерлерін тұтас бір биліктің қол астына біріктіру, оның тәуелсіздігі мен бұрынғы айбарлы мемлекеттігін қалпына келтіру жолында күрес жүргізді. Ал екі ғасырдан бері Жошы мен оның ұрпақтарының иелігі болып келген Сырдария бойындағы жерлерді өз мемлекетінің құрамына қоса алмаса бұл мақсатқа жету мүмкін емес болатын.

Барақ хан атасы Ұрұс хан сияқты ыдырап кеткен Алтын Орда билігі жолындағы тұрлаусыз күрестен гөрі Әмір Темір мен оның ұрпақтары басып алған Ақ Орданың Төменгі және Ортаңғы Сырдария бойындағы өз жерлерінде берік орнығуды артық санады [6, 142 б.].

Ұлықбектің Шығыс Дешті Қыпшақпен өзара қарым-қатынастарын зерттеуші Б.А. Ахмедов Барақ хан қимылдарына байланысты өте құнды деректер келтіреді (бұл деректерді XVI ғасыр авторы Әбд әл-Кәрім ибн Мұхаммед ат-Тамдахи жеткізген): «...Барақ хан онда (Түркістанға) жақсы қаруланған және қоршаулық қару – тас лақтырғыштармен жабдықталған қисапсыз әскер әкелді. Әскер соңын ала бес мың отбасы Өзбек ұлысынан Сығанақ төңірегіне көшіп барды» [8, 53-54 б.].

1425 жылы моғолдарды жеңгеннен кейінгі Ұлықбектің әскери даңқы ұзаққа созылмады. Бұған дейін 1425 жылы оған ризашылығын білдірген өзбек хандығындағы оның одақтасы Барақ хан 1426 жылы Әмір Темір жаулап алғанға дейін Жошы ұрпақтарына тиесілі болған Сырдария жерлерін қайтаруды талап ете бастады. Шамамен 1377 жылы бұл жерде Әмір Темір қолдаған Тоқтамыспен соғыс барысында Барақтың атасы Ұрұс ханның тұрағы орналасқан. Ұрұс ханның қаланы қалпына келтіргендігі айтылады. Сол себепті де Барақ шарияттың негізі мен қарапайым құқыққа байланысты қала атасының мұрасы ретінде оған тиесілі болуы керек екендігін жариялады. 1425 жылы-ақ Барақ хан Қазақстан далаларына оралып, 1426 жылы Темір ұрпақтарынан Сырдария бойындағы жерлер мен Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанақ қаласын қайтару мақсатымен әскерлерімен «Ұлықбек мырзаның иелігіндегі Сығанақ аймағының шектеріне» жетті. Ұлықбек Барақ ханның қойған талабы туралы өзінің Сығанақтағы өкілі Арслан-Қожа-тарханнан білді және Ақ Ордаға қарсы жорыққа аттануға шешім қабылдап, бұл туралы Шаһрухқа ескертті. Ол ұлына 1427 жылдың 15-ақпанында Гераттан аттанған оның басқа бір ұлы Жүкі бастаған жасақты көмекке жіберді. Жүкі Ұлықбекке Самарқандтан Сығанаққа барар жолда қосылды. Әскерлер қосылғаннан кейін екі ханзаданың өздерін күшті сезінгендіктері соншалықты, Ұлықбектің әскер басылары ешқандай да сақтық шараларын ұйымдастырмады. Сығанақтың маңындағы таулы жерде ханзалаларға олардың әскеріне қарағанда саны әлдеқайда аз болған Ақ Орда әскері тап берді. Шағатайлар күтпеген жерден қыспаққа алынып, қашуға бой берді. Екі ханзада да шайқас алаңынан күштеп әкетілді [7, 196-198 б.].

Ақ Орданың билеушісі Барақ хан жеңіске жетіп, қыруар олжа – қару-жарақ, ат, азық-түлік, әр түрлі бағалы заттарды қолға түсірді. 1427 жылғы Барақ ханның жеңісі және осыдан кейін басталған шапқыншылық Ұлықбек астанасының жолындағы бірқатар қалалар мен елді мекендерді тонауға ұшыратып қана қойған жоқ, сонымен қатар Түркістан қалаларының бір бөлігін оның билігіне қайта әперді [8, 143 б.].

1427 жылдан кейінгі Ұлықбек пен Ақ Орда хандары арасындағы қарым-қатынастар туралы мәліметтер кездеспейді. 1429 жылы Батыс Иранда жүрген Шаһрухқа Ұлықбектен Барақ ханның қайтыс болғандығы туралы хабар келді. Ол моғолдар елінде Сұлтан-Махмұд-оғланның қолынан қаза тапты, ал өз кезегінде Сұлтан-Махмұд-оғланды Мұхаммед-ғазы өлтірген. 1427 жылы Барақ елді ойрандаумен ғана шектелген сияқты, себебі ол өз иеліктерін Темір мемлекетінің есебінен кеңейткен жоқ [7, 196-198 б.]. Ақ Орда ішіндегі бүліктер Барақты Сырдария бойында кідіртпей, Дешті Қыпшаққа кетуге мәжбүр етті. Бірақ келесі, 1427-1428 жылдардағы өзара қырқыс күресте қаза тапты. Әл-Ғаффари мен Хайдар Рази осы мерзімді көрсеткен.

Ақ Орданың соңғы ханы сонымен қоса Алтын Орданың жоғары билеушісі болуға ұмтылған талантты қолбасшы Барақ ханның өмірінің соңғы жылдарына арналған деректер әлі де терең, байыпты зерттеуді талап етеді. Барақ ханның өлімі туралы тағы бір дерек Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы» еңбегінде жазылған: «Едіге биден соң Мансұр би болды. Ол атасының шаңырыағында болды. Мансұр би атасының ұлысын өзі биледі. Және ақырында оны Барақ хан өлтірді. Одан соң Мансұрдың ұлдары Қазы, Наурыз Барақ ханмен соғыс қылды. Барақ хан сол соғыста қаза тапты» [9, 118 б.]. Қадырғали Жалайыр еңбегінде Барақ ханның Қазы, Наурызбен соғысқандығы және сол соғыста оның қаза тапқандығын айтады. Орда Ежен әулеті XIII ғасырдың басынан Барақ хан қайтыс болғанға дейін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билік жүргізіп отырған әулет болатын. Орыс хан, Барақ хан – осы әулеттің беделін көтеріп, атағын шығарған атақты хандары болды [10, 297-298 б.].

Ұрұс хан, ал кейініректе Әбілқайыр, одан соң қазақ хандары сияқты Барақ хан «Темір әулеті мемлекетінің есебінен өз иеліктерін кеңейткен жоқ». Ол осыдан ширек ғасыр бұрын Әмір Темір жаулап алған елдің астанасы Сығанақ қана емес, Ортаңғы Сырдария мен оның аймақтарындағы басқа да қалаларға

тайпалардың этникалық және мәдени байланыстары, өлкенің тарихи даму жолының өзі, Ақ Орданың иелік ету құқығы қалыптастырған жерге орналастырудың ғасырлық дәстүрлерін қалпына келтірді. Оған дәлел 1465 жылы Қазақ хандығы құрылған кезде Ұрыс ханның шөбересі Керей хан мен Барақ ханның баласы Жәнібек хандар Сырдария бойындағы Сығанақ, Сауран, Созақ, Отырар, Түркістан, Сайрам қалаларын қазақ халқының ертеден бергі қалалары екендігін және бұл қалаларға ата-бабаларынан билік жүргізіп келе жатқандығын ашық айтты. 1426 жылы Барақ ханның жанқиярлық ерлігімен қайтарылып алған Сырдария бойындағы иеліктер бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың экономикалық және саяси тірегі болып, сауда-саттығы өркендеген кентті аймақ пен малшаруашылығы дамыған дала арасын жалғаған бейбіт өмірін қалпына келтірді.

1. Бартольд В.В. Улугбек и его время. Петроград: Типография Российской Академии наук, 1918. – 188 с.
2. Кары-Ниязов Т.Н. Астрономическая школа Улугбека. Изд. АН СССР, Москва-Ленинград, 1950. – 327 с.
3. Йазди Шараф ад-Дин Али. ЗАФАР-НАМЕ. Перев. со староузб., предисловие, комментарии, указатели и карта А. Ахмедова. – Ташкент: издательство журнала «SAN'ТА», 2008. – 486 с.
4. Матвиевская Г.П., Соколовская З.К. Улугбек. 1394-1449. – М.: Наука, 1997. – 153 с.
5. Леонов Н.И. Улугбек – великий астроном XV века. (1394-1449) / Москва: Гос. изд-во техн.-теорет. лит., 1950. – 66 с.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 б.
7. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Изд. АН СССР, Москва-Ленинград, 1941. – 305 с.
8. Арендс А.К. Из истории эпохи Улугбека. (Сборник статей. Отв. ред. д-р филол. Наук А.К. Арендс). Т., «Наука», 1965. – 378 с.
9. Қ. Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
10. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылуы тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 520 б.

**Чижова Я.А.**, Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, гр. М-ИО-23-2р, магистрант  
(Научный руководитель – д.и.н., профессор Сактаганова З.Г.)

#### СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЗАКЛЮЧЕННЫХ СТЕПНОГО ЛАГЕРЯ (особый лагерь №4)

В 30-х гг. XX века на территории СССР зарождается лагерная система, более известная как ГУЛАГ. Ее целью было подавление любых форм диссидентства и укрепление контроля над населением страны. Одной из ветвей этой истории является создание особых лагерей. Казахстан был одной из двух республик (вторая Россия), на территории которых располагались особые лагеря. Так, в пределах нынешнего Казахстана, одновременно располагалось четыре из двенадцати особых лагеря: Степной, Песчаный, Луговой и Дальний. Дольше всего из них просуществовал Степной лагерь. Этот лагерь был создан в 1948 г. в контексте советских репрессий и строительства тяжелой промышленности. Изучение социального портрета заключенных Степного лагеря представляет собой не только попытку осветить исторические события, но и понять человеческую сторону этой трагедии. Каждый заключенный, чья жизнь пересекалась с лагерем, вносил свой уникальный вклад в общую картину событий. Их истории стали частью коллективной памяти и наполнили страницы исторических работ не только фактами, но и человеческими судьбами, стремлениями и трагедиями.

Состав заключенных в Степном лагере был довольно разнообразным и включал в себя людей разных национальностей и профессий. В основном, это были политические и правовые преступники, а также религиозные деятели и иные категории населения, признанные «врагами народа». Среди заключенных было много интеллигенции, в том числе писателей, поэтов, художников, ученых, преподавателей, которые были осуждены за высказывания и деятельность, не соответствующие линии партии. Также в лагере находились криминальные элементы – воры, мошенники, убийцы, которые были осуждены за совершение преступлений вне политического контекста. Основным направлением исправительно-трудовых лагерей явилось массовое применение бесплатного труда заключенных в осуществлении сталинской программы строительства социализма [1; 267].

Массовое осуждение людей проводилось по закону ВЦИК СССР от 7 августа 1932 г. и ряду уголовных и уголовно-процессуальных законов: «Закон об измене Родине от 8 июня 1934 г.», «Закон о подготовке к совершению террористических актов от 1 декабря 1934 г.», «Закон об упрощении судебной процедуры по политическим обвинениям от 14 сентября 1937 г.», «Указ Президиума Верховного Совета СССР от 22 июня 1940 г. и от 4 июля 1947 г.». По этим актам высшего органа власти побывали в тюрьмах, лагерях и колониях ГУЛАГа миллионы советских граждан [2; 35].